# Жарақат дегеніміз не?

- **Жарақат** (грек. τραῦμα — жара) — сыртқы әсер ету (механикалық, химиялық, электрлік және т.б.) салдарлары тудырған ағзаның зақым алуы.
- **Жарақат алу** — адам организмінің жұмысының бұзылуы немесе зақымдануы.





*Медбике : Зарықбаева.А.З*

# Алғашқы көмек

- Күйік шалған кездеБуға немесе суға күйіп қалу секілді жағдай тұрмыста жиі кездесіп жатады. Тұрмыстық жағдайдағы күйіктің салдары әдетте қатты ауыр болмайды және ол күйік шалудың I немесе II деңгейінен аспайды. Әйтсе де бұл жағдайда да алғашқы медициналық көмек көрсету шараларын білген дұрыс:Тез арада күйік шалуға алып келген фактордың (су немесе бу) көзін жою керек;Зардап шеккен дене бөлігін ағын сумен салқындату;Ылғал таңғышпен жабу;Тыныштықты қамтамасыз ету.





Ал көктамырдан қан кеткенде қанның түсі қою қызыл болады. Алайда ірі көктамырдан қан кетсе және дер кезінде көмек көрсетілмесе, бұл да адамның өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Көктамырдан қан кеткенде алғашқы көмек көрсету барысында мыналарды орындау керек:зақымдалған тұсты жоғары көтеру;зақымдалған қантамырдың жұмсақ қабырғаларын қысып тұратын таңғыш байлау;зардап шеккен адамды денсаулық сақтау мекемесіне жеткізу.